

References:

1. Baipakov K.M. *Istoriya razvitiya areologii Kazakhstana v strukturakh institutov Istorii, arkeologii i ehtnografii im. CH.CH. Valikhanova AN KazSSR i Instituta Arkheologii im. A.KH. Margulana // Kazakstannyn tarikh gylmy: SH.SH. Ualikhanov atyndagy Tarikh zhane ehtnologiya institutynyn 60 zhyldygyna arnaldy. – Almaty: «Mer-SaL» baspa yji, 2005. – S.162.*
2. «Kazakstan»: yl'ttik enciklopediya / Bas redaktor A. Nysanbaev. – Almaty: «Kazakhstan ehnciklopediyasi» Bas redakciyasi, 1998. – 51 b.
3. Baipakov K.M. *Institut Arkheologii im. A.KH. Margulana (kratkaya istoriya, nauchnye dostizheniya, perspektivy). – Almaty: 1998. – S.56.*
4. *Otchet o nauchno-organizacionnoi deyatelnosti Instituta Arkheologii im. A.KH. Margulana za 1999 g. – S. 129*
5. *C.150. Otchet po gosudarstvennoi programme «Kulturnoe nasledie» za 2007 god. – S.150.*
6. *Otchet po gosudarstvennoi programme «Kulturnoe nasledie» za 2007 god. – S.275.*
7. *Otchet o nauchno-organizacionnoi deyatelnosti Instituta Arkheologii im. A.KH. Margulana za 2011 g. – S. 545.*
8. KR BGM GK A.KH. Margulan atyndagy Arkheologiya institutynyn saity. Gylm // http://www.archaeolog.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=6&Itemid=11&lang=ru [18.01.2022].
9. Isabek B.K. *Akademik Ramazan Suleimenov. – Almaty: Daik-Press, 2007. – 121-160 bb.*
10. *Otchet o nauchnoi i nauchno-organizacionnoi deyatelnosti za 1993 god. Centr Vostokovedeniya // Arkhiv Akademi nauk Respubliki Kazakhstan. F.116. Op.1-6, D.202. ll. 1-18.*
11. *Programma prioritetnykh nauchnykh napravleni Centra vostokovedeniya na 1993-1995 gg. // Arkhiv Akademi nauk Respubliki Kazakhstan. F.116. Op.1-6, D.200. ll. 1-10.*
12. *Institut vostokovedeniya im. R.B. Sulejmenova KN MON RK. Otchet o nauchnoi i nauchno-issledovatel'skoi deyatelnosti instituta za 2010 god. – S.82.*
13. *Institut vostokovedeniya im. R.B. Sulejmenova KN MON RK. Otchet o nauchnoi i nauchno-issledovatel'skoi deyatelnosti instituta za 2014 god. – S.92.*
14. *Institut vostokovedeniya im. R.B. Suleimenova KN MON RK. Otchet o nauchnoi i nauchno-issledovatel'skoi deyatelnosti instituta za 2015 god. – S.108.*
15. *R.B. Suleimenov atyndagy QR BGM GK Shygystanu instituty // Institut kyzmeti turaly anyktamalyk zhinak. – Almaty: Daik-Press, 2010. – 1-45 bb.*
16. KR BGM GK R.B. Suleimenov atyndagy Shygystanu Institutynyn saity. Gylm // <https://shygystanu.kz/archives/2165> [18.01.2022].

ӘӨЖ 930.2
МРНТИ 03.81.37

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.19>

Ш.Нагимов^{1*}, Б.С. Жұмағұлов²

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің асс. профессоры, п.ғ.к.,
Атырау қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, т.ғ.к.
Алматы қ., Қазақстан
E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

Аңдатпа

Мақала VIII ғасырда жазылған ежелгі түркілік ескеркіштердегі деректердің Қазақстан тарихына қатысына арналған. Евразияның ұлан байтақ кеңістігінде VI ғасырда құрылған Ежелгітүркі мемлекеті екі ғасырдан кейін Батыс және Шығыс түркі қағанаттары болып бөлініп, түрлі ішкі және сыртқы факторлардың нәтижесінде ұсақ бірлестіктерге ыдырап кетті. Дамуының алғашқы кезеңінде алып империя болған Түркі Елі өздеріне көршілес орналасқан жужандарды, қытайлықтарды бағындырып, халқынының

әл-ауқатын үнемі жақсартып отырды. Түркілер өз территориясын кеңейту мақсатында көрші мемлекеттермен қиян-кескі соғыстар жүргізіп, ірі табыстарға жетті. Ежелгі Түркі қағанатында болған тарихи оқиғалар, олардың аса ірі тас бағаналарға жазып қалдырған Орхон-Енисей хаттарында сақталып, біздің заманымызға дейін жетті. Ежелгі түркі жазба мұралары қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған. Ол кезде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай Түркі қағандығының қол астына қараған болатын. Сондықтан қазіргі қазақтарды ежелгі түркілердің тікелей ұрпақтары деп есептеуге болады. Себебі, Білге қаған, Құлтегін, Тоныкөкке арналған жазбалардан көптеген лауазымдардың қазақ тіліне ұқсас атаулары мен қазақ сөздерін кездестіруге болады.

Кілт сөздер: Қазақтар ежелгі түркілердің ұрпақтары, Түркі әліпбиі, Түркі қағанаты, түркілер, түркі қоғамының құрылымы, түркі елі, тегін, чад, кип, бұдын ұғымдары.

Мақала Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми жобасы ИРН А09259623 «Атырау облысының тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін» аясында дайындалған.

Нагимов Ш.^{1*}, Жумагулов Б.С.²

¹к.п.н., асс.профессор Атырауского университет имени Х.Досмухамедова,
г. Атырау, Казахстан

²к.и.н., профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая
г. Алматы, Казахстан, E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

ФАКТЫ, КАСАЮЩИЕСЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В ДРЕВНЕТЮРКСКИХ ПИСЬМАХ

Аннотация

Статья посвящена истории Казахстана в древнетюркских источниках, написанных в VIII веке. На необъятных просторах Евразии древнетюркское государство, созданное в VI веке, спустя два столетия разделилось на западные и восточные тюркские каганаты и распалось на мелкие объединения в результате различных внутренних и внешних факторов. На первом этапе своего развития Тюркская страна, ставшая гигантской империей, подчинила себе соседних жужан, китайцев и постоянно улучшала благосостояние своего народа. С целью расширения своей территории тюрки вели ожесточенные войны с соседними государствами и добились больших успехов. Исторические события, происходившие в древнетюркском каганате, сохранились в их Орхон-Енисейских письмах, написанных на крупнейших каменных колоннах, и дошли до наших дней. Древнетюркское письменное наследие написано на древнетюркском литературном языке, общем для всех народов современного тюркского происхождения. В то время, начиная с Сибири, территория Средней Азии и Казахстана в целом относилась к тюркскому каганату. Поэтому современных казахов можно считать прямыми потомками древних тюрков. Потому что в записях, посвященных Бильге Каган, Култегін, Тоныкок, можно встретить названия многих должностей и тюркские слова, схожие с казахским языком.

Ключевые слова: Казахи потомки древних тюрков, Тюркский каганат, тюркский алфавит, тюрки, тюркский эль, понятия тегін, чад, бодун, кип.

Статья подготовлена в рамках научного проекта Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова ИРН А09259623 «История Атырауской области с древнейших времен до наших дней».

Nagimov Sh.^{1*}, Zhumagulov B.S.²

¹k.p.n., assistant professor of Atyrau State University named after Kh. Dosmukhamedov,
Atyrau city, Kazakhstan

²k.i.n., professor of Kazakh National pedagogical university named after Abay
Almaty city, Kazakhstan
E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

FACTS ABOUT THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN ANCIENT TURKISH LETTERS

Abstract

The article is sanctified to history of Kazakhstan in the древнетюркских sources written in the VIII century. On boundless spaces of Eurasia there is the древнетюркское state created in the VI century, after two centuries

divided into western and east turkic каганаты and disintegrated on shallow associations as a result of different internal and external factors. On the first stage of the development the Turkic country, becoming a giant empire, subordinated to itself nearby жужан, the Chinese and constantly improved welfare of the people. With the purpose of expansion of the territory тюрки conducted bitter wars with the nearby states and obtained great successes. Historical events taking place in древнетюркском каганате were saved in their Орхоно-Енисейских the letters written on the largest lithoidal columns, and send on to our days. Древнетюркское writing heritage is written in древнетюркском literary language general for all people of modern turkic origin. At that time, since Siberia, territory of Middle Asia and.

Keywords: *Kazakhs, descendants of the ancient Turks, Turkic Khaganate, Turkic alphabet, Turks, Turkic el, the concepts of tegin.chad, bodun, kip.*

The article was prepared as part of a scientific project of the Institute of History and ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov IRN A09259623 "History of the Atyrau region from ancient times to the present day".

Кіріспе. V-IX ғасырларда түркілер қоныстанған Алтай, Сібір, Орта және Орталық Азия жерлеріне жазу, сызу, егін егу, әдебиет, өнер, тарих ғылымдарының, діни сенімдердің қалыптасқаны көпшілікке аян, оған Енисей жазу ескерткіштері, Орхон жылнамасы мен Талас аңғарынан табылған ескерткіштер айғақ бола алады.

Орхон-Енисей жазу ескерткіштері табылған уақыт түркі тілдерінің даму тарихындағы «Көне түркі» дәуіріне сай келеді. Шығыс Түркі құрамында өмір сүрген тайпалар Орхон-Енисей жазуын қолданып, осы жазу тілінде сөйлеген. Ежелгі түркілердің Орхон, Енисей, Селенга және Талас жазба ескерткіштерінде қазақ тарихына байланысты көптеген мәліметтер кездеседі.

Өзектілігі: Біріншіден, қазіргі кезде кейбір шовинистер мен өз тарихынан мүлде хабарсыз отандастарымыздың «қазақтарда ешуақытта мемлекет те, оның шекарасы да, мемлекеттілік те болмаған деген сияқты қортындыларының мүлдем негізсіз екендігін ежелгі түркі жазбаларының мәліметтері арқылы дәлелдеу; екіншіден, ежелгі түркі жазбалары сөздерінің грамматикалық және мәндік, мағыналық жағынан қазақтардың сөздеріне ұқсастығын пайдалана отырып, қазақ халқының ежелгі түркілердің тікелей мұрагерлері екендігін дәлелдеу; үшіншіден, ежелгі түркі мемлекетін басқару, әскери, тәрбие істеріндегі құндылықтармен көпшілікті таныстыру болып табылады. Қазақтардың ежелгі түркілермен тарихи және генетикалық тұрғыдан байланысы ешқандай күмән тудырмайды. Дей тұрғанмен қазіргі қазақтар ежелгі түркілермен бірдей, немесе олар сол түркілердің жалғыз мұрагерлері деп те кесіп айтуға болмайды. С.Г. Кляшторныйдың пікірінше қазақтардан бөлек түркілер қырғыздардың, қыпшақтардың және оғыздардың этногенезін қалыптастыруға үлестерін қосқан [1]. Түркілер, қыпшақтар, және оғыздар бірнеше ғасыр бойы Қазақстан аумағында өмір сүргендіктен қазақтардың этногенезіне олар да өз үлестерін қосты. Әртүрлі қытай, армян, араб халықтардың жазбаларында бәрі бір ауыздан түркілердің монғол нәсіліне жататындығын жазған болатын. Түркілердің монғолоид нәсіліне жататынына тағы бір дәлел-VIII ғасырда өмір сүрген түркі қолбасшысы Құлтегиннің қазіргі заманға дейін сақталып қалған мүсіні. «Монғолоидтық бет пішіні, жақтары шығыңқы, қысықша келген көздері Ашина руы өкілдерінің қай нәсілге жататындығы жөнінде ешқандай мәселе тудырмайды. Тек осы рудың өкілдері ғана түркілердің өз державасымен қатар, түркештер, қарлұқтар, хазарлар мемлекеттерінде қағандар болып тағайындалған болатын» [2]. Шындығында, түркі халықтарының бәрі бірдей монғол нәсілінің құрамына кірген жоқ. VI ғасырда Алтайды мекендеген олар жужандарға бағынышты болды. Жужандар ол кезде Орталық Азияға үстемдік етіп Қытайға қауып төндірді. 545 жылы қытай императоры ортақ жауы жужандарға қарсы күресу мақсатында түркі қағаны Бұмынға елші жіберді. Бір жылдан кейін түркілер оғыздарды өздеріне бағындырды. Сөйтіп қуаттанып алған Бұмын 551 жужандарды талқандап өзін қаған деп жариялады. Сөйтіп 20 жыл бойы жүргізілген жеңісті соғыстардың нәтижесінде аса қуатты түркілердің Түркі Елі қалыптасты. Түркілердің орасан зор империясы шығыста Сары теңізден батыста Қара теңізге дейін созылып жатты. Талай тамаша жеңістер мен қайғылы жеңілістерді басынан кешірген Түркі мемлекеті VIII ғасырда тарих сахнасынан кетуге мәжбүр болды. Түркі империясы ыдырағаннан кейін оның тікелей мұрагерлері Түркеш, Қарлұқ, және Хазар қағанаттары құрылды. Түркілердің бай тарихы олардың тасқа басқан жазуларында сақталып қалды.

Мақсаты мен міндеттері: Қазақстан тарихының деректемесіне қажетті Ежелгі түркі жазбаларды зерттей отырып, оларды ғылыми айналымға түсіру; Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі міндеттер қойылады:

- Отандық және шетелдік жазба деректерге анализ жасау;

- Ежелгі түркілердің Орхон-Енисей жазуларындағы тарихи деректер мен дәйектерге анализ жасай отырып, Қазақстан тарихына байланысты жаңа қортындылар мен тұжырымдар жасау;

Материалдар мен әдістер: Ежелгі түркі жазбалары алғаш рет Енисей алқабында XVIII ғасырдың 20-жылдарында ашылды. Оларды тапқан І Петрге қызмет еткен неміс ғалымы Даниил Мессершмидт және швед офицері Филипп-Иоганн Страленберг болатын. Олар хатты скандинавиялық руникалық мәтіндерге ұқсастығына қарай «руникалық» деп атады және бұл атау ғылымда сол атпен бекітілді. 1889 жылы орыс этнографы және археологы Николай Михайлович Ядринцев солтүстік Моңғолиядағы Орхон өзенінің жағасында Білге қағанның(680-734) құрметіне және оның ағасы, қолбасшы Күлтегіннің (684-731) құрметіне 732-735 жылдары салынған екі үлкен руникалық ескерткішті тапты. Білге қаған мен Күлтегін ескерткіштері, сондай-ақ Екінші Шығыс Түрік қағанатының бірінші қағандарының кеңесшісі (689-744 жж.) Тонькөк (646-731 жж.) ескерткіші оның көзі тірісінде жазылған көне түркі жазуының ең алғашқы ескерткіштері болып табылады. Руникалық жазу ескерткіштерін зерттеуге фин және орыс ғалымдары Аксель Гейкельдің және Василий Васильевич Радловтың жетекшілігімен үлкен үлес қосты. Олардың ғылыми экспедицияларының нәтижелері бойынша түрлі елдердің ғылыми мектептерінің түркітанушыларының, тарихшыларының, шығыстанушыларының кейінгі ұрпақтарының үстел кітабына айналған суреттері, схемалары бар екі атлас және алты еңбек жинағы жасалды [3].

Сібірдегі Енисей, Моңғолиядағы Орхон, Қазақстандағы Талас өзендері бойынан табылған ежелгі түркілік сына жазуларын оқу ісімен түркітанушы-ғалымдардың бірнеше буыны 100 жылдың үстінде айналысып келеді. Олардың көш басында дат ғалымы В.Томсен, орыс түркітанушысы В.В. Радлов тұрды. Бұл ғалымдар XIX ғасырдың аяғында белгісіз жазулардың сырын ашқан еді. В.Томсен ең алғаш «түрік», «тәңірі» деген сөздерді оқып шықты. Мәскеулік зерттеуші Мурад Аджи бұл күнді – түріктердің екінші туған күні атады. Олардан кейін Д.Клеменц, П.Мелиоранский, С.Малов сынды ғалымдар түркі жазуларының сырын ашты. Қазақстанда бұл жауапты шаруамен ғалымдар Айдаров, Құрышжанов, Томановтар айналысты.

Негізгі бөлім: Қазақстанда ежелгі түркі руникалық жазуларының таралу аймағы өте кең – бұл Талас, Іле, Сырдария, Ертіс, Жайық өзендерінің аңғарларынан, Тараз маңында керамикалық ыдыстардан, Шығыс Қазақстан маңындағы Алматы маңындағы Жақсылық қалашығында да түркі жазулары жазылған бірқатар тұрмыстық құралдар табылды. Дей тұрғанмен ол жазулардың ішінде ең танымалдары Білге қаған мен оның ағасы Күлтегіннің құрметіне қойылған Қошоцамдай ескерткіштері, 732-735 жылдары тұрғызылған стеллалар, сондай-ақ 716 жылдан кейін құрылған Екінші Шығыс Түрік қағанатының бірінші қағандарының кеңесшісі (689-744 жж.) Тонькөк стелласы(646-731 жж.). Орхон тобының барлық үлкен мәтіндері құрылымында біркелкі. Бұл ескерткіштерде түркі мемлекетінің жалпы тарихы баяндалып, олардың батырларының өмірі мен ерліктері туралы әңгімелерден тұрады. Жазбаларда көне түркі тайпалары мен ұлыстарының тарихын, идеологиясы мен мәдениетін, олардың тілі мен әдеби тәсілдерін зерттеуге арналған өте бай материалдар келтірілген. Орхон-Енисей түріктері мен көне түркі руникалық жазуының маңызын асыра бағалау мүмкін емес. Өйткені ол жазбаларда біздің бабаларымыздың төгілген қаны мен терінің нәтижесінде сол кездегі әлемде ең алып түркі империясының құрылу тарихы шынайы, әрі дәлме дәл суреттелген. Сонымен қатар олар елдің қоғамдық құрылымы мен салт-дәстүрлері, өзге елдермен қарым-қатынастары туралы толық мәліметтер жинақтаған дерек көзі болып табылады. Ежелгі түркі дәуірінің басталуымен бұрынғы империялар-Шығыс Азиядағы Қытай, Батыс және Орта Азиядағы Византия мен Иран жалғыз үстем ірі мемлекет болуын тоқтатты. Ал түріктер үлкен қашықтықтарға – 10 мың километрге дейін жайылып қоныстанды, қазіргі түркітілдес ұлттар мен мемлекеттердің, соның ішінде қазақ халқының тікелей ата-бабаларына айналған халықтар мен империялар пайда болды. Арабтардың жаулап алуы кезінде арабтардың және еуропалықтардың Христофор Колумбтан кейінгі жаңа құрлықтарды – Америка мен Австралияны игеру кезінде қоныс аударуынан басқа, бірде-бір халықтар тобы мұндай үлкен ауқымда қоныстанбады. Ежелгі руникалық жазбаларда жалпы түркі идеологиясы көрініс тауып, Түркі халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігінің кепілі ретінде орталықтандырылған мемлекеттілік тұжырымдамасы ұсынылған. Онда «халық», «мемлекет», «бостандық», «тәуелсіздік» сияқты қасиетті ұғымдарға қатысты Түркі Елін құрушылардың сарқылмас энергиясы мен берік еркі жатыр. Көне түркі жазба ескерткіштері-тіл, тарих, этногенез, география, жазбаша мәдениет саласында айрықша құнды дерек көзі болып табылады. Олар – қазақ халқының көне ата-бабаларының тілі мен мәдениетінің, мемлекеттілігінің жоғары деңгейінің куәсі.

«Түркі» сөзі біздің заманымыздан бұрынғы VI ғасырда көшпелі халықтың атауы ретінде пайда болды. Ол кезде түркілер Монғолия мен Қытайдың солтүстік шекараларынан Қаратеңізге дейін созылып жатқан ұлы көшпелі империяның негізін қалады. Қазіргі заманда өмір кешіп жатқан біздерге ежелгі

түркілер өздерінің қасиетті иелігін, жерін қалдырған. Түркі мәдениетінің аса көрнекті жазба ескерткіші Күлтегін тасында былай деп жазылған: «Өлемнің көгінде аспан, астында қоңыр жер пайда болғанда, осы екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Адам баласының үстінен менің бабаларым Бұмын қаған мен Истемі қаған билік жүргізді. Таққа отырған олар өз мемлекетін қорғап, Түркі заңдарын шығарып, бекітті» [4].

Н.А. Аристов «Түркілердің бастапқы шығу тегі олардың ата жұрты туралы» деген мәселеде: «Түркілердің негізгі басты үлкен тайпалары алғашында Алтайды мекендеген. Алтайдағы жер-су аттары көне түркі халық аңыздарына енуі бұған дәлел бола алады. Ежелгі түркі мемлекеті хундар империясы болып есептеледі», - дейді.

1991 жылғы дерек бойынша әлемде 130 миллионның үстінде түркі халықтары өмір сүріп келеді. Олардың әрқайсының бай тарихы, мәдениеті, жазу-сызуы, рухани ұстанымдары болған. Ежелгі заманда печенегтер, қыпшақтар, оғыздар, иемектер, башқұрттар, ябақулар, татарлар, қырғыздар, тухсилар, яғмалар, играктар, чаруктар, жұмылдар, ұйғырлар, танғұттар, табғаштар т.б. 20-ға жуық түркі тайпалары өмір сүрген. Бұл мәліметтер Түркі халықтарының жазба ескерткішінде сақталған. V-IX ғасырларда түркілер қоныстанған Алтай, Сібір, Орта және Орталық Азия жерлеріне жазу, сызу, егін егу, әдебиет, өнер, тарих ғылымдарының, діни сенімдердің қалыптасқаны көпшілікке аян. Оған Енисей жазу ескерткіштері, Орхон жылнамасы мен Талас аңғарынан табылған ескерткіштер айғақ.

Орхон-Енисей жазу ескерткіштері табылған уақыт түркі тілдерінің даму тарихындағы «Көне түркі» дәуіріне сай келеді. Шығыс Түркі құрамында өмір сүрген тайпалар Орхон-Енисей жазуын қолданып, осы жазу тілінде сөйлеген. Түркілердің жазу ескерткіштерінің ең көп табылған жері – Орхон, Енисей, Селенга және Талас бойы.

Орхон-Енисей жазуы өзінің жазу ерекшеліктері мен қолдану өрісіне сай Орхон-Енисей және Талас жазуы делініп екі топқа бөлінеді.

Енисей жазба мұралары деп аталуы тас бетіндегі сына жазуларының Енисей бойынан табылуымен байланысты. Бұған қосымша кейіннен Тува мен Хакасия, Краснояр өлкелерінен де осындай жазбалар табылған. Енисей жазбаларының жалпы саны – 85-ке жуық. Олардың ішінде кішігірім жазбалармен қатар ірі текстер де кездеседі. Енисей ескерткіштері көлемі жағынан негізінен шағын болып келеді. Ең үлкені 10-15 жолдан, ең кішісі 1-2 жолдан ғана тұрады. Қолданылуы жағынан Енисей ескерткіштері – ескі түркі жазуының алғашқы шығып, қалыптасып, тараған нұсқасы. Бұл жазу бертіндеп Орхон өзені, одан Талас өзені өңіріне тараған. Бұл тұжырымның шындыққа жанасымдылығы жеке таңбалардың тәсілі мен жетілдірілуінен де байқалады. Енисей жазба ескерткіштерінің ең көне түрлері Минусинск ойпатынан табылған. Бұл жазбалар түркі халқы белгілі мөлшерде отырықшы болып, металл өңдеумен айналысқанын, мәдениетті ел болғанын көрсетеді.

Орхон жазуыларында көне түркі жазба мұраларының ішінде қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған. Ол кезде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай Түркі қағандығының қол астына қараған болатын. VI ғасырдың ортасында қазіргі солтүстік Монғолия жерінде бас құраған Түркі қағандығы сол ғасырдың аяқ шенінде батысы Каспий теңізіне, шығысы Корей бұғазына дейінгі аралықты алып жатқан ұлы империяға айналды. Кейін келе Батыс Түркі және Шығыс Түркі қағандығы деп аталатын екі үлкен қағандыққа бөлініп кеткені белгілі. Солай бола тұра, V-VIII ғасырларда жартастардың беттері мен тас мүсіндерге, сондай-ақ кейбір ыдыстардың жиегі, түбі және қабырғаларына ойылып жазылған көне түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы – Орхон жазба мұралары. Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштердің ішінде тасқа қашалып жазылған үш тарихи мұра ерекше аталады. Оның біріншісі – 731 жылы өлген хан інісі Күлтегінге, екіншісі – 735 жылы өлген Білге қағанның өзіне, ал үшіншісі – Тоныкөкке арналған ескерткіштер. Тоныкөк туралы Копенгагендік профессор В.Томсен мен Клеменц ханымның еңбектерінен мынадай мағлұмат алынды. Орхон жазбаларында көрсетілгеніндей, Тоныкөк деп табылған ескерткіште ол – үш ханның ақылшысы және Білге қағанның құдасы болған адам. Қытай жазбаларында Тоныкөк жайлы 716 жылы айтылған. Елтерістің патшалық құруында оның қосқан үлесі туралы қытай және Тоныкөк жазбаларында толық көрсетілген.

Орхон жазбаларында әскери күш және әскери рух қаншалықты дәріптеліп отырғанына қарамастан, одан адамшылыққа жат пиғыл кездеспейді. Мәдениетті деген халықтардан шыққан басқыншыларда кездесетін қатыгездік және қатыгездіктен ләззат алу элементтері мұнда атымен жоқ. Жазба ескерткіште империяның құрылуы – халыққа көрсеткен қызметім, келтірген пайдам деп түсіндіреді.

Ал әскери тұрмысқа келетін болсақ, әрбір жауынгер соғыста ғана емес, күнделікті өмірде де ержүрек әрі ақылды болуы керек екенін ескертіп отырады. Жазба ескерткіштегі Білге қаған – үлкен ел басқарушы,

Күлтегін - өз заманының даңқты батыры, Тоныкөк - әрі батыр, әрі шешен, жырау, әрі кемеңгер ақыл иесі. Тастағы жазбада Тоныкөк мемлекет қамын ойлайтын басшы түрінде суреттелсе, Күлтегін өз ағасы Білге қаған кезінде әскер басы болған, оның батырлығы сол кездегі ерліктің дара үлгісі ретінде беріледі. Күлтегін, Білге қаған жазбаларының авторы Иоллықтегін деген адам болған.

Ежелгі түркілердің діни сенімдері негізінен Көкке (Тәңірге) және Жерге (Жер-суға) табыну болды. Құдай күштерінің бұл жұбында Көк (Тәңір) негізгі болып саналады. Түркі қағандары тек Көк Тәңірісінің бұйрығымен билік етеді деп түсінілген. Мәселен Білге қаған: «Түркі халқы жойылмасын, ел болсын! Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге қатынды Тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен, мені қаған етіп отырғызған екен», - депті. Түркі хандары өз жазуларында Тәңіріні үнемі өздеріне рақымды болуға шақырады.

Мазмұны жағынан келесі құдай отбасы және балалардың жебеушісі - әйел құдай Ұмай болды. ХІХ ғ. аяғында Ұмайға табыну Алтайдағы кейбір түркі тілді халықтар арасында сақталды. Бұлармен бірге Ұмай түркілердің жоғарыдағы құдайлар үштігіне енді және олардың барлық істерін жебеп отырды. Бұл Тоныкөк құрметіне қойылған ескерткіштен анық көрінеді, онда сәтті жорықтардың бірін суреттейтін тұста былай делінген: «Көк Тәңірі, Ұмай (құдай), қасиетті Жер-су, міне, осылар бізге жеңіс сыйлаған екен».

Қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының ежелгі түркілер туралы құнды деректері мен мәліметтері негізінен Білге қағанның, Күлтегіннің, Тоныкөктің және Мойыншараның құрметіне бұдан мың үш жүз жыл бұрын қытай шеберлері мен суретшілеріне арнайы тапсырыспен орасан зор тас бағаналарға темір қашаумен ойып салдырған жазбаларында сақталып, соншама уақыттың, жел мен қардың зиянды әрекеттеріне төтеп беріп біздің заманымызға жетіп отыр. Бұл ескерткіштердің жазбаларында түркілердің арасында болған әртүрлі мансаптардың атаулары: Қаған(хан, император), Ябгу (империяның белгілі бір бөлігінің басқарушысы), шад, тегін атаулары кездеседі.

Қазақтардың ежелгі түркілердің туыскандық жағынан мұрагерлері екенін дәлелдейтін бір ғана атауға назар аударатын болсақ: ол «тегін» атауы. Түркілерде бұл сөз «туысқан» деген мағынаны білдірген. Ал қазақтарда осыған байланысты «текті» ұғымы бар. «Текіден текті туады, ата жолын қуады», «Тегі жақсының өзі жақсы», «Апырай, мына бала тегіне тартып, болайын деп тұр екен» т.б. мәтелдер мен нақыл сөздер жиі кездеседі.

Қызғылықты дерек ретінде шадтар кейін қазақтың сұлтандарына, бүкілқазақтық ұлы хан- бұрынғы түркілердің ұлы қағандардың ізбасарларына айналуын қарастыруға болады. Араларынан кейін тархандар шыққан түркілердің бектері империяның аристократиялық бөлігін құрады. Сонымен қатар түркілік жазбаларда «бұдын» термині жиі кездеседі. Бұл «халық» деген мағынаны білдіреді. «Бұдын» сөзінің орыс тіліндегі «подданный»- бағынышты деген сөзге байланысы жоқ па екен? Абай бұл сөзді дастанында «бодан» деп пайдаланды. Кейін, бұл ұғым «бодандық, бодандыққа түсті, яғни тәуелсіздігінен қазақ елі айрылды» деп айтылатын болды. Халық ұлт ретінде түркілерде «Кип» деп аталды [5].

Ежелгі түркілік ескерткіштерде жазылған, қазіргі кез келкен қазақ баласына ананың ақ сүтімен бірге келген ұғымдар мен сөздердің өте көп кездесуі біздің түбіміздің бір екенін дәлелдесе керек-ті. «Қаған», «ерен», «бай», «ат», «елу», «біз», «сегіз», «жау», «ай», «сары», «арық», «семіз», «қол», «кісі», «табгач», «атақты», «жас», «тәңірі», «жас», «ру», «күш», «қырық», «от», «алтын», «бодын», «ана», «не», «менің», «кілгері», «төрт», «барс», «тәңірі», «өзіңе», «тоғыз», «оқ», «от», «іш» деп әрі қарай жалғаса береді[6].

Осындай қазақ тарихына байланысты қызғылықты мәліметтерді бойларына жинақтаған ежелгі түркі әліпбиі қандай болды, ол қандай принциппен жасақталды дейтін сұраққа жауап іздейтін болсақ: Ежелгі түрік руникалық алфавиті негізінен дауыссыз дыбыстардан тұрды, кейбір әріптер бірнеше дыбыстарды білдіруі мүмкін. Мұнда пиктографтарды (әріптер-суреттер) көру оңай. Олар оңнан солға қарай оқып, жазды. Руникалық алфавит Истеми қағанның кезінде жасалған деп саналады. Қаған өз шенеуніктеріне осы әліпбиді үйренуді бұйырды. Көп ұзамай алфавит қарапайым халық арасында таралды. Қағанаттың тұрғындары бұл белгілерді көптеген жылдар бойы өз заттарына қолданған. Әріптер бір-бірімен байланыссыз курсивпен жазылды. Ең бастысы, руникалық алфавит ежелгі түрік ауызекі тілінің нормаларына дәл сәйкес келді. Осы тұрғыдан алғанда, руникалық жазу өз заманының ең сапалы жазуларының бірі болды. Ежелгі ғұндар мен түріктер қытайлардың маңында өмір сүрген. Олар, әрине, Қытай елінің ниетімен жақсы таныс еді. Мысалы, қытай танбалары түріктерде қолданылған Қытай айнарларында жиі кездеседі. Бірақ түркілер қытай иероглифтерін принципті себептер бойынша қабылдай алмады, солары дұрыс болды. Ұлы Түркі қағанатының ресми идеологиясының негізін түркі халқын («түрік будун») басқа халықтармен араласпауға деген ұмтылыс құрады. Оның себебі саны жағынан аса көп қытай халқы мен әлемдік маңызы бар мәдениеті түркі елінің тәуелсіздігіне үлкен қауіп төндірді. Осыған орай, түркілердің

негізгі идеологиялық принциптерінің бірі: «Қытайдан алыста болыңыз. Қытайдан тым алыс кетпеңіз» болды. Түркілер өздерінің қытайлықтарға жұтылып, олардың ортасында еніп, халық ретінде жойылып кетуі әбден мүмкін екенін түсінді. Қытай алфавитін қарызға алу Қытай алфавитіне негізделген барлық жазбаша өнімдерді және онымен байланысты барлық мәдениетті қабылдауға тең болар еді. Қытай әліпбиінен бас тартудың тағы бір себебі бар. Қытай таңбалары түркі рухына мүлдем сәйкес келмеді. Түркілер өз әліпбиін жасады, ол қоғамның жоғарғы топтары мен діни тұлғалар үшін ғана емес, шынайы жалпыхалықтық сипатқа ие болды. Осы мысалдардың қазіргі біздер үшін маңызы бар емес пе екен?

Ежелгі түркілер «Мәңгілік тас» деп өздері атаған стеллаларға тоқтағанша көп материалдарды жазу үшін пайдаланып, олардың уақыт сынына төзе алмайтындығын түсінді. Басында көптеген руникалық хаттар тастардың, тау беткейлерінің, ағаштың, металлдың, кірпіштің және қағаздың бөліктеріне жазылды. Бірақ олардың қай-қайсысында мәңгілік еместігін әбден түсінген түркілер ақыр соңында өздерінің жазуларын жазу үшін тасқа тоқтады. Алайда, И.Л. Кызласовтың пікірінше, олар алдымен жұмсақ кенепке, атап айтқанда пергаментке сұйық бояғышпен жазған [7]. Руникалық жазулар табиғи жағдайда орталық және Кіші Азияда, Алтайда, Қазақстанда жиі кездеседі. Олардың арасында ұзын мәтіндер де, жеке сөздер мен әріптер де бар. Бұл ежелгі түркі храмдарының орындары болды. Тас жазуларды қолдануға арналған материал ретінде өте танымал болды. Осы мақсатта үлкен табиғи тастар мен ұсақ тастар қолданылды.

Ежелгі түркі жазбаларында қанша уақыт, қанша заман өтсе де ешқандай өздерінің маңызын жоймаған, қазіргі кездегі жұртшылыққа үлгі, өнеге болатын өсиеттер мен ел басқаруға қажетті ұсыныс пікірлер бар. Оларды толқымай, бей- жай оқу мүмкін емес. Тас ескерткіштерде ұшырасатын «Осы жазбаларға қарап, оқып үйреніндер», «Тәлім алындар», «Халық», «Ер түріктер» деген сөздер өздерінің маңызын күні бүгінге дейін жойған жоқ.

«Түркі және оғыз бектері мен халқы, ұғындаршы, кәні!

Үстеріңе аспан құлағанша, астарыңдағы қара жер айрылғанша.

Түркі халқы, сенің елің мен билігіңді, кім биікке көтерді?» - дей отырып қағандық билікті дәріптейді. Құлтегін жазуының авторы, халыққа мынадай өсиет айтады: «Түркі халқы, егер сен өз қағаныңмен бірге болсаң, өз бектеріңмен бірге болсаң, Отаныңмен бірге болсаң, өз үйінде қайғысыз, бақытты өмір кешесің» [8].

VIII ғасырда Білге қағанның өзінің құрметіне қойылған тас бағанаға қашап жазылған мына сөздері қазіргі бізге қарап айтылғандай әсер қалдырады: «Кіші інілер өздерінің ағаларынан дұрыс үлгі алмағаннан кейін, ал балалар әкелерінен дұрыс үлгі алмай теріс жолға түскеннен кейін, патшалықтың басына қорқақ, ынжық қағандар отырғаннан кейін, олардың бектері де шетінен ақылсыз, әрі қорқақ, сатқын болғандықтан түркі халқының бұрынғы күшінен ештеңе де қалмай, енді Түркі Елі тағаштарға (қытайды солай атаған) құл болып, елу жыл бойы еркектері де, әйелдері де оларға тәуелсіздікке түсті. Түркі халқы айтты, бұлай болғанша өлгеніміз артық деп, өлімге қарай бағыт алды. Сол кезде Көк аспан мен Жер, Су түркілерге айтты: Түркі Халқы өлмейді! Олар: Түркі халқы жойылмасын, ел болсын! Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге қатынды Тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен, мені қаған етіп отырғызған екен», - депті [9]. Бұл жерде Білге қаған 679-683 жылдарғы түркілердің қытайлықтарға қарсы ерлік күресін тасқа жаздырып бейнелеген. Осы ерлік күрестің нәтижесінде Түркі Елінің қағаны Елтеріс пен оның ұлы Білге қаған түркілерді тәуелсіз мемлекет етіп дамытты. Оған Білге қағанның мына жалынды сөздері дәлел бола алады: «Түркі халқы үшін мен күндізүйқы көрмей аттың үстінен түспедім, бір мезет демалысты білмедім. Жойылып кетуге қалған халықты өмірге қайтадан әкелдім. Жалаңаш халықтың үстіне көйлек кигіздім, аш халықты тоқ халыққа айналдырдым, дымы жоқ кедей халықты бай халыққа, аз халықты көп халыққа айналдырдым» [10]. Бұл сөздердің біздің еліміздің қазіргі жағдайы үшін қаншалықты маңызды екенін талдап жатудың қажеті жоқ деп есептейміз. Көне түркі жазба мұраларының ішінде қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған. Ол кезде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай Түркі қағандығының қол астына қараған болатын. VI ғасырдың ортасында қазіргі солтүстік Монғолия жерінде бас құраған Түркі қағандығы сол ғасырдың аяқ шенінде батысы Каспий теңізіне, шығысы Корей бұғазына дейінгі аралықты алып жатқан ұлы империяға айналды. Кейін келе Батыс Түркі және Шығыс Түркі қағандығы деп аталатын екі үлкен қағандыққа бөлініп кеткені белгілі. Өкінішке қарай, Түркі қағанаты VIII ғасырдың аяғына қарай тарих сахнасынан кеткеннен кейін тасқа басылған түркілердің жазулары қолданыстан шығып қалып, бұл мәселеде бірнеше ғасыр бойы үнсіздік орнады. Әрине, бұл түркі халқы мен оның тілі өмірден кетті деген сөз емес еді. Жаңа тарихи қалыптасқан жағдайларға байланысты Қазақстанды мекендеген түркі халықтары соғда, ұйғыр, кейін араб әліпбилерін қолдана бастады.

Қазақстан территориясында X-XII ғасырларда қалыптасқан тарихи ахуал Қазақстан халықтары мен тайпаларының рухани мәдениетінің көтерілуіне себеп болды. Мемлекеттің тууы және сауданың дамуы жазудың қайтадан қалыптасуына ықпал жасады. Осы кезеңде түркі мемлекеттері қағандарының Византия және Иранмен дипломатиялық хат алмасуы жақсара бастады [11]. Жазу орхон және ұйғыр әліпбилерінің негізінде дамып, Европа халықтарының сына жазуларын еске салды. Қазақстан мен Орта Азияның территориясында біздің еліміздің халықтарының тарихы мен мәдениетін оқып-үйренуде үлкен маңызы бар аса бағалы эпиграфиялық ескерткіштер табылды. Жазу материалы үшін тастан басқа, түсті металл, сүйек, тері және жібек қолданылған. Қазақстан халықтары мен тайпалары орхон және ұйғыр жазуларынан басқа, сирия әліпбиін, кейінірек араб жазуын пайдаланған.

Орта ғасырларда Қазақстан жеріне ислам дінінің енуімен қатар, араб, парсы тілінде жазу мен әдебиет тарай бастады. Бұрынғы ұйғыр және түркі тіліндегі жазуды араб графикасы ауыстырды. Оңтүстік Қазақстанның Сайрам, Мерке, Отырар, Суяб, Алмалы және басқа қалаларында білім мекемелері мектептер мен медреселер жұмыс істеді. Сабақ араб, парсы тілдерінде жүріп, негізінен діни ілім беру жолға қойылды.

Оқу мерзімі 4 жыл, оқуға балалар 7 жастан қабылданған. Оқушылар сауат ашу жолын 28 араб әрпін және оның жазылуын 8 мағынасы жоқ сөз арқылы жаттаудан бастаған. Сол кездегі мектептің бірінші оқу құралы ретінде «Шариат-ул-иман» немесе «Иман-шарт» пайдаланыпты. «Иман-шартта» жоғарыда аталған 28 әріпті қамтитын ойдан шығарылған 8 сөз, діни ырымдарды өткізу кезінде оқытылатын әр түрлі дұғалар мен шарттар араб тілінде берілгендіктен, олардың мазмұнын сауатты молдалар балаларға қазақша түсіндіріп жаттатқан, ал арабша білмейтін молдалар түсініксіз болса да оқушылардың жатқа оқуын қадағалаған. Молла 10-15 оқушының әрқайсысына олардың шамасына қарай сабақты түсіндіріп отырған, сондықтан әрбір шәкірт, мәселен, жарты жыл уақыт мерзімінде өз ынтасымен, қабілетіне қарай алға жылжып отырған. Екінші оқу жылы «Әптиекті» өтеді екен. Әптиек – Құранның жетіден бір бөлігі. Әптиектен соң Құран оқытылған. Құранмен қатар оқушы түркі және араб кітаптары бойынша исламның діни шарттары мен ырым ережелерін оқып үйренген. Мұсылман мектептерінде «Бадауам», «Ахир-заман», «Истуаки», «Қырық хадис» атты араб және түркі тілдеріндегі кітаптар қолданылған. Сонымен қатар, шығыс ойшылдары Науаи мен Фзулидің шығармалары оқытылған. Жалпы алғанда, діни мектептердің пайдасы сауат ашумен қатар білім ғылымға жетелеп, кісілік, имандылық тәрбиені арқау ету және де Шығыс ойшылдары Фердауси, Низами, Науаи, т.б. шығармаларынан оқушыларға сусындауға мүмкіндік берген [12].

Орта ғасырлық ойшылдардың бірі Қорқыт болды. Сырдария өңірін мекендеген оғыз-қыпшақ тайпалары арасында оның есімі VIII ғасырда кең тараған. Ол жаужүрек батыр, атакты ақын, қобызда шебер ойнаған күйші, көптеген аңыздар мен эпсаналардың кейіпкері ретінде халық санасында берік сақталды. Деректер Қорқыттың тайпа көсемі болуымен қатар, үш ханның кеңесшісі болғанын да дәлелдейді. Халық арасында осы уақытқа дейін Қорқыт жайында аңыздар сақталған. Жер бетінде «кой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманды» өмір бақи іздеумен қатар, өлімді мойындамаған осынау ғұлама, ізгі арманы орындалмағасын, өз бақытын қобыз сарынынан іздеп, көптеген күйлер шығарған. Қорқыт баба күйлері біздің заманымызға дейін жеткені өз алдына, оларды музыкалық оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізіп, жастарға білім және тәрбие беруге кеңінен қолданып келеді. Қорқыт өз артына музыкалық шығармалармен қатар, «Китаби дедем Коркуд» («Қорқыт ата кітабы») атты кітабын қалдырды. Бұл кітапта IX-X ғасырлардағы Оғыз мемлекеті халқының өмірі, дәстүрлері, салттары, түркі халықтарының тарихы әңгіме болады. Бұл ортағасырлық тарихи-этикалық шығарма болып табылады [13].

Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан түркі тілдес ғалымдардың, әдебиетшілердің және ақындардың үлкен бір шоқжұлдызы өз еңбектерін халықаралық ғылыми тіл болған араб тілінде жазған еді.

XI ғасырдағы түркі тілдес әдебиеттің дамуы белгілі авторлар Жүсіп Баласағұн мен Махмуд Қашқаридің есімдерімен байланысты болды. Жүсіп 1015 жылы Қарахандар астанасы Баласұғын қаласында туған. Ол ауқатты түркі жанұясынан шығып, сол кезеңге қарағанда сындарлы білім алған. Жүсіптің есімі оның «Кутадгу билиг» («Құтты білім») атты поэмасынан кейін кең таныла бастады. «Құтты білім» 85 тараудан, 6520 бәйіттерден және қосымшалардан (124 бәйіт) тұрады.

Поэма жәй этикалық-моральдық трактат ғана емес, сонымен қатар, адамдардың күнделікті өмірдегі, қоғамдағы адами қарым-қатынастарын, әртүрлі таптар, басқарушылар мен бағыныштылардың мемлекеттегі орнын белгілеген аса терең мағыналы философиялық-дидактикалық шығарма. Поэма 1983-жылы орыс тілінде аударылып, «Құтты білім» атымен жарық көрді. 13 мың жолдан тұратын түркі тіліндегі бұл дастанда саясат, мемлекет, басқару, әскери іс, кеменгерлік, ақыл-парасат, әділеттілік, ар-ождан, салт-дәстүр, т.б. жөнінде философиялық пайымдаулар берілген.

Махмуд Қашқаридің есімі ХІ ғасырда белгілі болған. Әкесі Хусейн-Мавераннахрдың жаулап алушысы Боғра-ханның немересі, Махмуд дүниеге келместен бұрын Қашқарға қоныс аударған. Махмуд Қашқарда тамаша білім алып, оқуын Бұқарада жалғастырған. Ол түркі тілдеріне, фольклорына, салт-дәстүрлеріне алабөтен ықылас аударып, сөздерді және олардың мағынасын, түркілердің әндерін, жұмбақтарын, аңыздарын, салттарын қағазға түсірді. М.Қашғариды ғылым әлеміне «Диван лұғат – ат-түрік» («Түрік тілінің сөздігі») кітабы танытты.

Сөздікте түркі тілдес халықтарының әлеуметтік өмірі, жан дүниесі, бастан кешкен тарихының үзік-үзік суреттері, этнографиясы, әдебиеті, тіл ерекшелігі, географиялық орналасуы, аспан шырақтары хақындағы ұғымдары, шипалық-емдік тәжірибесі, мал өсіру, егін салу, қала тұрғызу, сауда, қолөнеріне байланысты тіл қорының аса бай інжу-маржандары шоғырландырылған. Лұғатта 10 мыңнан астам төл сөз, жекелеген диалектілер енген. Бұлар сөзбе-сөз, не топшылап баяндау жолымен араб тіліне аударылып, ол сөздерді сипаттарлықтай мысалдар келтіріліп отырылады. Мысалдар ішінде, 300-дей мақал-мәтел, 233 шамалы өлең шумағы, жыл-мүшел аттары, астрономиялық, географиялық атаулар, 80-дей ру-тайпа есімдері (Қыпшақ, Яғма, Арғу, Бұлғар, Ұйғыр, т.б.), оларға түсінік анықтама, 100-дей қала, қыстақ (Берехан, Баласағұн, Сауран, Фараб, т.б.) аттары бар.

Мұндағы сөздер, мақал-мәтелдер, өлеңдер, сөйлемдер түркі тілдерінің сол кездегі деңгейін, одан арғы және бергі кездегі сөздерді, сөз тудыру, сөз тіркестіру, сөйлем құру жүйелерін анықтауға, сөйтіп, тарихи лексикология, тарихи фонетика, тарихи грамматика жасауға, этимология, фразеология мәселелерін зерттеуге таяныш, негіз болады. Махмуд ибн Хусаин ибн Мухаммед Әл-Қашғаридың «Түркі тілінің сөздігі» туралы Түркістан Республикасының органы, Ташкент қаласында шығып тұрған «Шолпан» журналы 1923 жылғы 6-7-8 сандарында таныстыру мақаласын жариялап, кітаптың ғылыми аса маңыздылығына назар аударылған.

Осы кезеңдегі рухани мұралардың қатарына Ахмет Жүгінекидің «Хибат ул Хакайк» (ақиқат сыйлығы) атты еңбегі жатады. Ахмет ХІІ ғасырдың аяғында Отырарға жақын жерде орналасқан Жуйнек деген елді мекенде туған. Бала кезінен діни білімге құштарлық танытып, араб және парсы тілдерін үйренді. Оның кітабы 14 тараудан, 235 өлеңнен тұрады. Кітаптың негізгі ойы білімнің пайдасы, моральдық, имандылық мәселелерді қамтиды. Адамдар тынымсыз еңбек етуі керек, өтірік, өсектен аулақ болып, бір рет ғана берілетін өмірді мәнді өткізуі керек дегенге саяды [14].

Сайып келгенде орта ғасырларда түркілердің рухани мәдениеті жоғары деңгейде дамыды.

Нәтижелерді талқылау: Қазақстан аймағында VIII-XII ғасырларда қалыптасқан тарихи ахуалға елдің Ежелгі Түркі мемлекетінің құрамында болуы тікелей әсер етті. Бұл алып мемлекеттің құрамында болған халықтар мен тайпалардың бәріне ортақ мемлекеттік жүйесі, қағандары мен бектері, ұқсас шаруашылығы мен тілі, діни, материалдық және рухани мәдениеті, салт-дәстүрлері мен ырым жоралғылары болды. Бұл деректердің ежелгі түркілік жазба ескерткіштерде сақталғандығы анықталды.

Зерттеу нәтижесі: Зерттеу барысында төмендегі нәтижелерге қол жеткізілді: Ежелгі түркілік жазба ескерткіштер туралы жарық көрген әлемдік, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың іргелі еңбектерін зерттеу, зерделеу, сараптау арқылы ежелгі түркілердің мемлекеттік және қоғамдық құрылымы, әскери өнері, шаруашылығы мен кәсібі, тілі, діни сенім-нанымдары, Қазақстанның аумағында түркілерден кейін өздерінің мемлекеттерін құрған бірқатар туысқан хандықтармен ұқсастығы анықталып, оның ішінде тілдік ортақ белгілеріне қарай қазіргі қазақ халқының ежелгі түркілердің тікелей ұрпақтары екендігі анықталды.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, VIII-XII ғасырларда Ұлы далада өмір сүрген ерте феодалдық түркі мемлекеттерінің озық мәдениеті, ғылымы, тілі, жазуы және әдебиеті болды. Болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдырылған көне түркілік жазба ескерткіштер кең байтақ Қазақстанның барлық аймақтарынан табылып, ескерткіштер саны жыл санап өсіп жатыр. Орхон-Енисейлік ежелгі түркілердің жазулар жазылғалы қанша уақыт өтседе, қаншама су ақса да олардың мәні, маңызы күні бүгінге дейін жойылған жоқ, қайта олардың идеялары қазіргі заман мұраттарымен үндесіп жатыр. Осы көне көз жәдігерлерге үлкен сезіммен қарап, оның ішкі мазмұны мен сырын ұғыну, қазақ халқы үшін құндылығының қаншалықты екендігін анықтаудың маңызы ерекше.

Сондықтан біздер, ХХІ ғасырдың ұрпақтары, бұдан мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген орта-ғасырлық бабаларымыздың арттарына жазып қалдырған ақыл-ойларын өз қажетімізге жарата отырып, дұрыс қорытынды шығаруға тиіспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кляшторный С., Т. Султанов. *Казахстан. Летопись трех тысячелетий.* – А., 1992.
2. Гумилев Л. *Древние тюрки.* Москва., 1967.
3. Ирмуханов Б. *Прошлое Казахстана в письменных источниках.* – Алматы: «Өлке», 1997.

4. Малов С. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л., 1951.
5. Л. Гумилев. Древние тюрки. Москва., 1967.
6. С. Малов. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л., 1951. – С.51.
7. И. Кзыласов. Древнетюркская письменность Евразии. – М., 1990.
8. Ш. Нағымұлы. Мәдениеттану. «Фолиант». – Астана, 2017.
9. Ә. Құрышжанов. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Қарғу, 1986.
10. С. Малов. Памятники древнетюркской письменности. –М.-Л., 1951. – С.61.
11. Б.Ирмуханов. Прошлое Казахстана в письменных источниках. – Алматы, «Өлке», 1997.
12. М. Смашлова. Ұлттық мектеп бастауы. // Бастауыш мектеп.1993. № 8.
13. Ш. Нағымов. Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы. – Алматы, 2012.
14. Ш. Нағымов. Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы. – Алматы, 2012.

References:

1. S. Klyashorny, T. Sultanov. Kazakhstan. Chronicle of three millennia. – A., 1992.
2. Л. Gumilev. Ancient Turks. – Moscow, 1967.
3. B. Irmukhanov. Past Kazakhstan in written sources. – Almaty: "Region", 1997.
4. C. Malov. Monuments of ancient Turkic writing. – M.-L., 1951.
5. Л. Gumilev. Ancient Turks. – Moscow, 1967.
6. C. Malov. Monuments of ancient Turkic writing. – M.-L., 1951. – str-51.
7. И. Kzylasov. Ancient Turkic writing in Eurasia. – M., 1990.
8. Sh. Nagymuly. Cultural Studies. "Foliant", – Astana, 2017.
9. A. Kuryshzhanov. AncientTurkic inscriptions. Curse, 1986.
10. C. Malov. Monuments of ancient Turkic writing. – M-L., 1951.str-61.
- 11.B. Irmukhanov. Past Kazakhstan in written sources. – Almaty, "Region", 1997.
12. M.Smailova. The beginning of a national school. // primary school.1993.№ 8.
13. Sh. Nagymov. History of the spiritual culture of the Kazakh people. – Almaty, 2012.
14. Sh. Nagymov. History of the spiritual culture of the Kazakh people. – Almaty, 2012.